

ЫРЫМ-ТҮЙІМДАР – ДӘСТҮРІМІЗДІҢ БІР ҚАЗЫҒЫ

Қазақ халқымен ғасырлар бойы жасасып келе жатқан ырым-түйімдар жүйесі халқымыздың өмірінде, салт-санасында, әдет-ғұрпында, тұрмыс-тіршілігінде кеңінен көрініс тапқаны белгілі. Қазақтар бала тәрбиесіне мән беріп, оның ырым-түйімдарын, салт-дәстүрін ерекше сақтаған.

Ырым-жақсылықтан өнеге алып, оған жету үшін жасалатын әрекет екені белгілі. Ал тыйым рәсімдері жас ұрпақты табиғатты қорғауға, әдепті болуға, қарапайымдылыққа, инабаттылыққа баулиды. Халқымыздың әдет-ғұрпын, салт-санасын жақсы біліп, оны іс жүзінде орындай білу – әрбір перзенттің борышы, ол – мәдениеттің белгісі. Тыйым-халықтың үлгі-өнеге, тәлім-тәрбие, ақыл-кеңес берудегі тәрбие құралдарының бірі болып табылады. Біздің ата-бабаларымыздың даналығы сол – қанша ғасырдан бері тыйым сөздердің мәні өзгермей, қасиеті кетпей қазіргі заман жастарына беретін өнегесі мол. Әл-Фараби ғұлама ғалым айтқандай «Адамға бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім-адамзаттың қас жауы» деген сөздеріне қазақтың тыйым сөздері толық мысал бола алады.

Салт-дәстүр, әдет-ғұрып арқылы халықтың тұрмыс-салты, күнкөрісі, дүниетанымының сыр-сипаты мен мінез-құлық ерекшеліктері айқын көрінеді. Ата-бабаларымыз өздері тіршілік етіп отырған орта, тұрмыс-тіршілік, табиғат болмысын, ел-жұрт арасындағы қарым-қатынас, жақсы-жаман кезеңдерді ой елегінен өткізіп, әр уақытта, кезеңде оған деген өз көзқарасын білдіріп отырған. Еліміздің жылдар, ғасырлар бойы жасасып, бізге жеткен асыл мұраларының бірі – тыйым сөздер. Солардан халқымыздың әдет-ғұрпы, наным-сенімін ғана біліп қоймай, бойымызға тәлім-тәрбие сіңіреміз. Тыйым сөздер мазмұны мен мақсатына қарай еңбек, тұрмыстық-шаруашылық, экологиялық тәрбие, мәдени-гигиена, әдеп-мәдениетіне тәрбиелейді.

Халқымыз «көкті жұлма» деген, «көкті жұлсаң көктей соларсың» деп жаман ырымға жорып, жұлғызбаған. «Нанды бір қолыңмен үзбе», «нанның үгіндісін аяққа баспа» деген сөздерде дәмге, оны дастарқанға келтіретін еңбекке деген құрмет сезімінің ізі бар. Халқымыздың тобылғылы сайға қой түсіртпей, ши атаулыны қорық қылып, күзет қоюының өзі күнкөріс қамы ғана емес,

табиғатты қорғау, аялау әрекетінен туындаса керек. Қазақ халқының жер, су туралы ұғым-түсініктеріне назар аударалық. Обал болады деп егінді, шалғынды жерді бет алды бастырмаған. Судың да сұрауы бар деп ағынды суды бұрғызбаған. Халқымыз қыран құсты атқызбаған, аққу құс киелі деп оған құс салуға, оны атуға тыйым салынған. Сондай-ақ қарлығашты киелі деп ұққан. Егер қарлығаш киіз үйдің шаңырағының шандуында ұя салса, балапандары ұшып кеткенше көшпей отырған. Ата-бабаларымыз малды тепкізбеген. Қойдың сүті қорғасын, қойды тепкен оңбайды деген, құты қашады деп малды басқа ұрғызбаған, балағаттамаған. Сиыр мен қойдың желіні ісіп кетеді деп төгілген сүтті аяққа басқызбаған.

Үйге қарай жүгіруге болмайды. Әдетте оқыс оқиға, жамандық болғанда адам үйге қарай жүгіреді. Бұл, біріншіден, балаларға жамандық шақырма деген ескерту болса, екіншіден, үйде үлкен бар, жүрегі әлсіз адамдар бар, елді үркітпе, қорқытпа дегені. Қонақ кете салысымен үйді қағып-сілкіуге болмайды. Себебі қонақпен бірге үйге жақсы тілек, ықылас-пейіл келеді. Екіншіден, қонақ кете салысымен үйді қағып-сілкіу әдепке жатпайды. Ойлап қараған адамға бұл сендерден құтылдым ба, жоқ па деген ойға келтіреді. Саусақ, қолды орынсыз ауызға салуға болмайды. Әдепсіздік екенін былай қойғанда, түрлі ауру шақыратын микробтар ауызға түсуі мүмкін. Құран оқығанда күлуге болмайды. Құран адамға имандылық тәрбие бере отырып, бұл дүниеге қанағатпен қарауға, төзімділікке, пайымдылыққа, мейірімділікке тәрбиелейді. Дүниеден өткен адамдарды еске алып құран оқығанда күлу, сөйлеу, жалаңбас отыру – әдепсіздік. Аманатқа қиянат жасама. Бұл біреуге сөз берсең, міндетті түрде орындау керек деген сөз. Аманатқа адалдық – адамның биік парасат иесі екендігін көрсетеді.

Қыз бала шашын жайып жүрмейді. Ата-баба салтында тек жақыны қайтыс болған әйел ғана шашын жай-

ған. Бүгінгі таңдағы қыз балалардың шаштарын жалбыратып жайып жүргені әдептілік емес. Жиналған, өрілген шаш адамды ұқыпты көрсетеді, әрі жұмысқа да, оқуға да ыңғайлы. Қыз баласы тамақ дайындағанда басына міндетті түрде орамал байлауы қажет. Өйткені тамаққа шаш түсіп кетуі мүмкін. Әлем-жәлем киінбе. Қазіргі таңда қыздарға ішін ашып жүру сәнге айналған. Бұл өте жағымсыз әдет, әрі қыздардың денсаулығына да зиян. Бүйрек аурулары, гинекологиялық аурулар пайда болуы әбден мүмкін. Қызға қырық үйден тыю. Қыз бала орынсыз күліп, орынсыз сөйлеп, бейуақытта қыдырмағаны абзал. Өйткені қыз балалар – болашақ аналар.

Бос бесікті тербетуге болмайды. Үйге келген адамға бос бесікті тербету арқылы өзінің ұрпақсыз қалғанын үндемей-ақ білдірген. Бесікті саудалама, бұл оның құны жоқ зат екендігін білдіреді. Ал қазақ халқында бесік – ұрпақ жалғастыратын қасиетті бұйым. Жолға шығып бара жатқан адамнан «қайда барасың, қашан келесің?»- деп сұрамайды. Бұл адамның көңілін алаңдатып, сәтсіз сапарға ұрындыруы мүмкін, тек іштей тілектес болып қалу керек. Барып-қайтар жолдың уақытын кесіп айтуға болмайды, бұл астамшылық, күпірлік болады. Құдай қаласа, алла жазса барар жердің дәмі тартса деп нысаппен сөйлеу керек. Киімді оң қолдан бастап киіп, сол қолдан бастап шешеді. Аяқ киімді де солай. Бұл тірлігінің барлығы оң болсын деген ниеттен туған. Киімді желбегей жамылмайды, себебі қолы жоқ адам ғана киімді желбегей жамылады, әрі жұмыс істегенде де ыңғайсыздық туғызады. Бас киімді лақтыруға, тебуге, теріс киюге болмайды. Жақсылықтың барлығы адамның маңдайына жазылады деп есептеледі. Сондықтан бас киімнің орны ерекше. Бас киімді әрқашан таза, ұқыпты ұстап, төрге іледі. Баланы қырқынан шығарып, ит көйлегін ауыстырғанда оны бойына бала бітпей жүрген әйелдер арнайы сұрап алатын ырым бар. Оларға баланың анасы ит көйлекті бүтіндей бере салмай, жырттып береді. Баланың тісі түскенде, оны қесек ет, май немесе бауырсаққа қосып, тісі иттің тісіндей өткір, мықты болсын деп итке асатыды. Сонымен қатар көктей болып өссін деп түскен тісті жеміс ағашының түбіне көмеді, таудай болсын деп тау-

ға қарата лақтырады. Бала тісі періште бұйымы ретінде есіктен кіретін түрлі пәле-жала, қаскөй күштерден қағып тұрады делініп, есік жақтауы арасына да қыстырылады. Бала еңбектей бастағанда, бауырын жерден тез көтерсін деп бауырынан табақ өткізетін ырым бар. Тәй-тәй басып, апыл-тапыл қадамдар жасай бастағанда жүйрік болсын деп бұтының арасынан сирақ асып өткізетін ырым да болған.

Қазақтың ұл-қыздарының бойындағы кейбір оғаш қылықтарын бетіне басып, жүгенсіздікті, тыйымдармен тәртіпке салып отырған, яғни тәрбиенің бұл құралы мінез-құлық ережесі түрінде қалыптастыруға тырысқан. Әрине бұл өте пайымды жасалған дүние. Сонымен қатар ырымдар мен тыйым сөздердің туу себептері және олардың тәрбиелік мәні ашылған. Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрағат-міндеттердің ең бастысы- өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Бала тәрбиесіне, терең мән беріп оның сәтті қағидалары мен ережелерін жасағандардың бірі- қазақ халқы, оның тәрбие-тәсілдері мен тәжірибелері өте көп, қазақ халқы-әдет, әдеп-ғұрыпына өте бай мемлекет. Бұл – оның мәдениетті әрі тәрбиелі ел екендігінің айғағы. Белгілі қоғам қайраткері М.Шайкенов: «Ұлт дәстүр – заңнан биік»,- деген. Біздің халқымыз өз ұрпақтарына ғасырдан ғасырға ұлт қасиетін салт-дәстүрін, өнегені әдеп-ғұрыппен, үлгіні жөн-жосықпен, әдепті ырым-түйіммен тәрбиелеп, ұлағатты ұл, инабатты қыз өсірген.

Ырымның тәрбиелік мәні бар сенім-наным, жосын жоралғылары өте көп. Білім алушыларға сабақта ұлттық тәлім-тәрбие мәселелеріне байланысты, нақыл сөздер, мақал-мәтелдер, тыйым сөздерді көбірек пайдалану керек. Әсіресе салт-дәстүрлерге байланысты ырым-түйім сөздері мен сенімге арналған ырым сөздерінің тұрмыста молырақ пайдалануын көздеген жөн. Жас ұрпақтың ұлттық тәрбиесіндегі кемшіліктерді, ұлттық сананы қалыптастыруда ырым-түйімдардың алатын орны ерекше.

**Айгүл МУСИРОВА,
Маржан
ЖАҚСЫЛЫҚҚЫЗЫ,
Меруерт ҚАНАТҚЫЗЫ,
М.Әуезов атындағы
ОҚУ-нің колледж
оқытушылары**